



Бекітемін:

ЖК «Мендыгазиева», «Айлин-3» жеке
бөбекжай меңгерушісі: Г.С.Жиенбаева

Бекітемін:

ЖК «Мендыгазиева», «Айлин-3» жеке
бөбекжай әдіскері: Г.Ж.Сагинғалиева

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке
дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025-2026 оқу
жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары
«Айгөлек» ересек тобы**

Тәрбиеші: Төлеубаева А.Т
Жанабаева А.Ж

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Топ: «Айгөлек» ересек

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы 2025-2026 оқу жылы

<u>Ұйымдастырылған әрекет</u>	<u>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</u>	<u>Күтілетін нәтиже</u>
Тіл дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.</p> <p>Сөздік қор. Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін сөйлеуде қолдану.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдана білуге үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.</p>	<p>Ертегі мазмұнын түсінеді. <u>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды анық айта алады.</u> <u>Заттардың атауын атай алады.</u> <u>Отбасы мүшелерін ажырата алады.</u> Балалар әңгіменің мағынасын түсінеді, Үлкендердің көмегімен қысқа жолды тақпақтарын жатқа айта алады</p>

<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.</p> <p>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу</p>	<p><u>Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, дыбыстарды анық айтуға үйрету.</u></p> <p>Балалардың кітапқа, әңгімеге деген қызығушылығын арттыру, балаларды пікірлерін айтуға үйрету</p> <p><u>Кітапқа деген қызығушылықтарын арттыру</u></p> <p><u>Балалардың сөздік қорын кеңейту. Сөздер мен сөйлемдерді байланыстыра сөйлеуге үйрету.</u></p> <p><u>Өз ойын ашық айтуға үйрету.</u></p>
<p>Математика негіздері</p>	<p>Жиын: Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру.</p> <p>Сан, санау. 2-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.</p> <p>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру.</p> <p>Шама: Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.</p> <p>Ұзындығы, ені бойынша екі затты салыстыру</p> <p>Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып атай білуге үйрету.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен).</p> <p>Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың</p>	<p>Тәулік туралы айтады. көру тәсілдері арқылы аталған пішінді таба алады. екі немесе бірдей заттарды салыстыра алады. Пішіндерді таба алады.</p>

	сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері туралы ұғымдарын кеңейту.	
Құрастыру	<p>Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру.</p> <p>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру.</p> <p>Қағаздан құрастыру.</p> <p>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу.</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен таныстыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.</p>	<p>Ұжымдасып құрастыра алады. Таяқшалармен құрастыра алады. Құрастыру материалдарын пайдалана алады. Тігінен, көлденеңінен орналастыра алады. Қағаздан құрастыра алады.</p>
Қоршаған әлеммен таныстыру	<p>Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»).</p> <p>Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру). Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу.</p> <p>Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі</p>	<p>Баланың өзі және өзінің отбасы туралы түсініктерін кеңейту. Құстар туралы айта алады Жыл мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін ажыратып айта алады.</p>

	<p>туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу. Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру.</p>	
Сурет салу	<p>Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа. Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу.</p>	<p>Үлгіге қарап суреттерді жал,астыра алады.Түстерді ажырата алады. Суреттерді дұрыс бейнелеуге,қылқаламды дұрыс ұстауға балаларды үйрету</p>
Мүсіндеу	<p>Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.</p>	<p><u>Әр түрлі пішіндерді үлгіге қарап мүсіндей алады. Қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылық танытады</u></p>

	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу.	
Жапсыру	Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді жапсыру дағдыларын қалыптастыру.	Дайын үлгілерді дұрыс орналастырып жабыстыра алады.
Қазақ тілі***	<p>Тілдік дамытушы орта. Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.</p> <p>Сөздік қор. Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету. Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p>	<p>Сөздерді, әріптерді анық айтуға баулу. Заттардың атауларын айта алады.</p> <p>Сөздерді байланыстырып сөйлей алады.</p> <p>Қойған сұрақтарға еркін жауап бере алады</p>

	Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге мүмкіндік беру.	
Дене тәрбиесі**	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.	Бірқалыпты жүруге, сапта жүруге, бірінің артынан бірі жүруге үйрету. Заттарды оң қолымен, сол қолымен ұстауды үйрету. Жаттығуларды дұрыс орындау дағдыларын қалыптастыру. Қимылды ойындарды ереже бойынша ойнауға баулу.
Музыка****	Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау	Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату. Түрлі қарқындағы музыканы тыңдау, түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Топ: «Айналайын» ересек

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы 2025-2026 оқу жылы

<u>Ұйымдастырылған әрекет</u>	<u>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</u>	<u>Күтілетін нәтиже</u>
Тіл дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.</p> <p>Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу.</p> <p>Сөздік қор. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.</p> <p>Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға үйрету..</p>	<p>Ертегі мазмұнын түсінеді. <u>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды анық айта алады. Заттардың атауын атай алады. Отбасы мүшелерін ажырата алады.</u> Балалар әңгіменің мағынасын түсінеді, Үлкендердің көмегімен қысқа жолды тақпақтарын жатқа айта алады</p>
Көркем әдебиет	<p>Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.</p>	<p><u>Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, дыбыстарды анық айтуға үйрету.</u></p>

	<p>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтау.</p> <p>халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру.</p>	<p>Балалардың кітапқа, әңгімеге деген қызығушылығын арттыру, балаларды пікірлерін айтуға үйрету</p> <p><u>Кітапқа деген қызығушылықтарын арттыру</u></p> <p><u>Балалардың сөздік қорын кеңейту. Сөздер мен сөйлемдерді байланыстыра сөйлеуге үйрету.</u></p> <p><u>Өз ойын ашық айтуға үйрету.</u></p>
<p>Математика негіздері</p>	<p>Жиын. Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру.</p> <p>Сан, санау. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу. «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.</p> <p>Шама. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, Ұзындығы бойынша заттарды салыстыру.</p> <p>Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып атай білуге үйрету. геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау.)</p> <p>Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен).</p> <p>Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық</p>	<p>Тәулік туралы айтады. көру тәсілдері арқылы аталған пішінді таба алады.</p> <p>екі немесе бірдей заттарды салыстыра алады.</p> <p>Пішіндерді таба алады.</p>

	ерекшеліктері мен реттіліктері туралы ұғымдарын кеңейту.	
Құрастыру	Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру. құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау.	Ұжымдасып құрастыра алады. Таяқшалармен құрастыра алады. Құрастыру материалдарын пайдалана алады. Тігінен, көлденеңінен орналастыра алады. Қағаздан құрастыра алады.
Қоршаған әлеммен таныстыру	Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран) кеңейту. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау. Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер, жидектер (орман, бақша), гүлдер (бөлме, бақша, шабындық), бұталар және ағаштар (бақша, орман). Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру. Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу.	Баланың өзі және өзінің отбасы туралы түсініктерін кеңейту. Құстар туралы айта алады Жыл мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін ажыратып айта алады.
Сурет салу	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.	Үлгіге қарап суреттерді жал, астыра алады. Түстерді ажырата алады.

	<p>Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа. Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).</p> <p>Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу.</p> <p>Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту. Дөңгелек, шаршы пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «қызғалдақ», «ирек», суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау.</p> <p>Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау,</p>	<p>Суреттерді дұрыс бейнелеуге, қылқаламды дұрыс ұстауға балаларды үйрету</p>
<p>Мүсіндеу</p>	<p>әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу.</p> <p>Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру.</p> <p>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру.</p>	<p><u>Әр түрлі пішіндерді үлгіге карап мүсіндей алады.</u> <u>Қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылық танытады</u></p>

	Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру.	
Жапсыру	<p>Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету.</p> <p>Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану.</p> <p>Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып безендіру дағдыларын дамыту.</p> <p>Шығармашылық қиялды дамыту.</p> <p>Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.</p>	Дайын үлгілерді дұрыс орналастырып жабыстыра алады.
Қазақ тілі***	<p>Тілдік дамытушы орта. Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.</p> <p>Сөздік қор. Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.</p>	<p>Сөздерді, әріптерді анық айтуға баулу. Заттардың атауларын айта алады.</p> <p>Сөздерді байланыстырып сөйлей алады.</p> <p>Қойған сұрақтарға еркін жауап бере алады</p>

	<p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету. Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес жауап беруге мүмкіндік беру.</p>	
<p>Дене шынықтыру**</p>	<p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.</p>	<p>Бірқалыпты жүруге, сапта жүруге, бірінің артынан бірі жүруге үйрету.</p> <p>Заттарды оң қолымен, сол қолымен ұстауды үйрету.</p> <p>Жаттығуларды дұрыс орындау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Қимылды ойындарды ереже бойынша ойнауға баулу.</p>
<p>Музыка****</p>	<p>Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау</p>	<p>Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату.</p> <p>Түрлі қарқындағы музыканы тыңдау, түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау</p>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Топ: «Айналайын» ересек

Балалардың жасы:4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы 2025-2026 оқу жылы

<u>Ұйымдастырылған әрекет</u>	<u>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</u>	<u>Күтілетін нәтиже</u>
Тіл дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу.</p> <p>Сөздік қор. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы байланыстырып сөйлеу; зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану;</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.</p>	<p>Ертегі мазмұнын түсінеді. <u>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды анық айта алады. Заттардың атауын атай алады. Отбасы мүшелерін ажырата алады.</u> Балалар әңгіменің мағынасын түсінеді, Үлкендердің көмегімен қысқа жолды тақпақтарын жатқа айта алады</p>
Көркем әдебиет	<p>Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.</p>	<p><u>Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, дыбыстарды анық айтуға үйрету.</u></p> <p>Балалардың кітапқа, әңгімеге деген қызығушылығын</p>

		<p>арттыру,балаларды пікірлерін айтуға үйрету</p> <p><u>Кітапқа деген қызығушылықтарын арттыру</u></p> <p><u>Балалардың сөздік қорын кеңейту.Сөздер мен сөйлемдерді байланыстыра сөйлеуге үйрету.</u></p> <p><u>Өз ойын ашық айтуға үйрету.</u></p>
Математика негіздері	<p>Жиын: Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.</p> <p>Сан, санау: 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.</p> <p>Шама: Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.</p> <p>Геометриялық пішіндер: Геометриялық пішіндерді (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш) танып, атай білуге үйрету;</p> <p>Кеңістікті бағдарлау: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен).</p> <p>Уақытты бағдарлау: Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру</p>	<p>Тәулік туралы айтады. көру тәсілдері арқылы аталған пішінді таба алады.</p> <p>екі немесе бірдей заттарды салыстыра алады.</p> <p>Пішіндерді таба алады.</p>
Құрастыру	<p>Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру .</p> <p>Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау</p>	<p>Ұжымдасып құрастыра алады.</p> <p>Таяқшалармен құрастыра алады.</p> <p>Құрастыру материалдарын пайдалана алады.Тігінен,көлденіңінен орналастыра алады.</p>

		Қағаздан құрастыра алады.
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Өлі табиғат құбылыстары мен заттары: Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну.</p> <p>Өсімдіктер әлемі; Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер, жидектер (орман, бақша), гүлдер (бөлме, бақша, шабындық), бұталар және ағаштар (бақша, орман).</p> <p>Бала, оның отбасы, үйі: Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру). Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу..</p> <p>Заттық әлем: Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.</p> <p>Байланыс және қозғалыс құралдары. Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Еңбекке баулу. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қою.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға, әділ болған жағдайда әрекет еткен баланың әрекеттерін қолдауға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге, айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу.</p> <p>Менің -Отаным Қазақстан. Отанымыз – Қазақстан</p>	<p>Баланың өзі және өзінің отбасы туралы түсініктерін кеңейту. Құстар туралы айта алады Жыл мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін ажыратып айта алады.</p>

	<p>Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Жолда жүру ережелері: Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипедке арналған жол), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.</p> <p>Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту.</p> <p>Жануарлар әлемі.</p> <p>Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектердің, қоңыздардың, кейбір құстардың болмауы.</p>	
<p>Сурет салу</p>	<p>Заттық сурет салу: Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).</p>	<p>Үлгіге қарап суреттерді жал,астыра алады.Түстерді ажырата алады.</p> <p>Суреттерді дұрыс бейнелеуге,қылқаламды дұрыс ұстауға балаларды үйрету</p>
<p>Мүсіндеу</p>	<p>Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию,</p>	<p><u>Әр түрлі пішіндерді үлгіге қарап мүсіндей алады.</u></p> <p><u>Қарапайым композияларды мүсіндеуге қызығушылық танытады</u></p>

	жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу.	
Жапсыру	Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету	Дайын үлгілерді дұрыс орналастырып жабыстыра алады.
Қазақ тілі***	Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу.	Сөздерді, әріптерді анық айтуға баулу. Заттардың атауларын айта алады. Сөздерді байланыстырып сөйлей алады. Қойған сұрақтарға еркін жауап бере алады
Дене шынықтыру**	Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.	Бірқалыпты жүруге, сапта жүруге, бірінің артынан бірі жүруге үйрету. Заттарды оң қолымен, сол қолымен ұстауды үйрету. Жаттығуларды дұрыс орындау дағдыларын қалыптастыру. Қимылды ойындарды ереже бойынша ойнауға баулу.
Музыка****	Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау	Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату. Түрлі қарқындағы музыканы тыңдау, түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Топ: «Айналайын» ересек

Балалардың жасы:4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан айы 2025-2026 оқу жылы

<u>Ұйымдастырылған әрекет</u>	<u>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</u>	<u>Күтілетін нәтиже</u>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу.</p> <p>Сөздік қор. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы байланыстырып сөйлеу; зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану;</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.</p>	<p>Ертегі мазмұнын түсінеді.</p> <p><u>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды анық айта алады. Заттардың атауын атай алады. Отбасы мүшелерін ажырата алады.</u></p> <p>Балалар әңгіменің мағынасын түсінеді, Үлкендердің көмегімен қысқа жолды тақпақтарын жатқа айта алады</p>
Көркем әдебиет	<p>Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.</p>	<p><u>Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, дыбыстарды анық айтуға үйрету.</u></p> <p>Балалардың кітапқа, әңгімеге деген қызығушылығын арттыру, балаларды пікірлерін айтуға үйрету</p>

		<p><u>Кітапқа деген қызығушылықтарын арттыру</u></p> <p><u>Балалардың сөздік қорын кеңейту. Сөздер мен сөйлемдерді байланыстыра сөйлеуге үйрету.</u></p> <p><u>Өз ойын ашық айтуға үйрету.</u></p>
Математика негіздері	<p>Жиын: Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.</p> <p>Сан, санау: 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.</p> <p>Шама: Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.</p> <p>Геометриялық пішіндер: Геометриялық пішіндерді (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш) танып, атай білуге үйрету;</p> <p>Кеңістікті бағдарлау: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен).</p> <p>Уақытты бағдарлау: Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру</p>	<p>Тәулік туралы айтады. көру тәсілдері арқылы аталған пішінді таба алады.</p> <p>екі немесе бірдей заттарды салыстыра алады.</p> <p>Пішіндерді таба алады.</p>
Құрастыру	<p>Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру .</p> <p>Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау</p>	<p>Ұжымдасып құрастыра алады.</p> <p>Таяқшалармен құрастыра алады.</p> <p>Құрастыру материалдарын пайдалана алады. Тігінен, көлденеңінен орналастыра алады.</p> <p>Қағаздан құрастыра алады.</p>

Қоршаған ортамен таныстыру

Өлі табиғат құбылыстары мен заттары:

Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну.

Өсімдіктер әлемі; Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер, жидектер (орман, бақша), гүлдер (бөлме, бақша, шабындық), бұталар және ағаштар (бақша, орман).

Бала, оның отбасы, үйі: Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру). Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу.

Заттық әлем: Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.

Байланыс және қозғалыс құралдары.

Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру.

Еңбекке баулу. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қою.

Адамгершілік және патриоттық тәрбие.

Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға, әділ болған жағдайда әрекет еткен баланың әрекеттерін қолдауға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге, айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу.

Менің -Отаным Қазақстан.

Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік

Баланың өзі және өзінің отбасы туралы түсініктерін кеңейту. Құстар туралы айта алады Жыл мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін ажыратып айта алады.

	<p>мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Жолда жүру ережелері: Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипедке арналған жол), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.</p> <p>Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту.</p> <p>Жануарлар әлемі.</p> <p>Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектердің, қоңыздардың, кейбір құстардың болмауы.</p>	
<p>Сурет салу</p>	<p>Заттық сурет салу: Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).</p>	<p>Үлгіге қарап суреттерді жал,астыра алады.Түстерді ажырата алады.</p> <p>Суреттерді дұрыс бейнелеуге,қылқаламды дұрыс ұстауға балаларды үйрету</p>
<p>Мүсіндеу</p>	<p>Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу,</p>	<p><u>Әр түрлі пішіндерді үлгіге қарап мүсіндей алады.</u></p> <p><u>Қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылық танытады</u></p>

	майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу.	
Жапсыру	Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету	Дайын үлгілерді дұрыс орналастырып жабыстыра алады.
Қазақ тілі***	Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу.	Сөздерді, әріптерді анық айтуға баулу. Заттардың атауларын айта алады. Сөздерді байланыстырып сөйлей алады. Қойған сұрақтарға еркін жауап бере алады
Дене шынықтыру**	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.	Бірқалыпты жүруге, сапта жүруге, бірінің артынан бірі жүруге үйрету. Заттарды оң қолымен, сол қолымен ұстауды үйрету. Жаттығуларды дұрыс орындау дағдыларын қалыптастыру. Қимылды ойындарды ереже бойынша ойнауға баулу.
Музыка****	Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау	Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату. Түрлі қарқындағы музыканы тыңдау, түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Топ: «Айналайын» ересек

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы 2025-2026 оқу жылы

<u>Ұйымдастырылған әрекет</u>	<u>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</u>	<u>Күтілетін нәтиже</u>
Сөйлеуді <i>дамыту</i>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.</p> <p>Сөздік қор. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір).</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.</p>	<p>Ертегі мазмұнын түсінеді.</p> <p><u>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды анық айта алады. Заттардың атауын атай алады. Отбасы мүшелерін ажырата алады.</u></p> <p>Балалар әңгіменің мағынасын түсінеді, Үлкендердің көмегімен қысқа жолды тақпақтарын жатқа айта алады</p>
Көркем әдебиет	Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық	<u>Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.</u>

	<p>таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету.</p>	<p><u>дыбыстарды анық айтуға үйрету.</u></p> <p>Балалардың кітапқа, әңгімеге деген қызығушылығын арттыру, балаларды пікірлерін айтуға үйрету</p> <p><u>Кітапқа деген қызығушылықтарын арттыру</u></p> <p><u>Балалардың сөздік қорын кеңейту. Сөздер мен сөйлемдерді байланыстыра сөйлеуге үйрету.</u></p> <p><u>Өз ойын ашық айтуға үйрету.</u></p>
<p>Математика негіздері</p>	<p>Жиын: Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.</p> <p>Сан, санау: Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру.</p> <p>Шама: Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу.</p> <p>Геометриялық пішіндер: сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша Кеңістікті бағдарлау: заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр).</p> <p>Уақытты бағдарлау: Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін</p>	<p>Тәулік туралы айтады. көру тәсілдері арқылы аталған пішінді таба алады.</p> <p>екі немесе бірдей заттарды салыстыра алады.</p> <p>Пішіндерді таба алады.</p>

	ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру	
Құрастыру	құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша тандау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.	Ұжымдасып құрастыра алады. Таяқшалармен құрастыра алады. Құрастыру материалдарын пайдалана алады. Тігінен, көлденіңінен орналастыра алады. Қағаздан құрастыра алады.
